

*Маусымның үшінші жексенбісі – Медицина қызметкерлерінің күні

Әр секунды санаулы



Сенбі. Таңертеңгі сағат 8:30. Атырау қаласының қақ ортасындағы облыстық медициналық жедел жәрдем станциясында кезекшілік ауысымы басталды. Бір қарағанда күнделікті үйреншікті тіршілік секілді көрінеді. Алайда бұл станцияның ауласында әр секунд адамның тағдырымен өлшенеді. Бір жерде сәби қызуы көтеріліп жатса, енді бір жерде жүрегі қысылған науқас көмек күтіп отыр. Ал бірер шақырым жерде жол-көлік оқиғасы болып жатуы мүмкін.

Қала тұрғындары орталық көпірдің маңынан дабыл беру құрылғысын қосып, зулап өткен жедел жәрдем көліктерін жиі көреді. Бірақ сол көлікте отырғандардың мойнында қандай жауапкершілік барын көпшілік біле бермейді. Кезекшілікке келген әр бригада алдымен көлікті толық қабылдайды. Жүргізушілер біріне бірі көлікті тапсырады, ал дәрігерлер аппараттардың, дәрі-дәрмектердің, оттегі құрылғыларының түгелдігін тексереді. Тазалық талаптары қатаң. Қандайша кемшіліктерге жол берілмейді. Медицина қызметкерлері күні қарсаңында облыстық медициналық жедел жәрдем станциясына барып, олардың бір күндік жұмысымен танысқан кезде осындай жайларға куә болдық.

(Толығырақ 14-15-беттерде)

*Халықаралық форум



Бес елді біріктірген мәселе

Бүгінде Каспий теңізінің тағдыры табиғат жанашырлары мен балық шаруашылығы мамандарымен қатар, теңізді жағалай қонған бес елдің бәрін толғандырып отыр. Теңіз деңгейінің төмендеуі, бекіре тұқымдас балықтар қорының азаюы мен итбалықтың жаппай қырылуы өңір үшін маңызды мәселеге айналды. Осы түйткілді мәселелерді талқылау мақсатында көше Атырау қаласында өткен «Каспий маңы серіктестігі: балық шаруашылығы мен акваөсіруді орнықты дамыту» атты халықаралық форумда мамандар табиғи байлықты сақтаудың жолдарын, акваөсіруді дамытудың мүмкіндіктері мен мемлекетаралық ынтымақтастықтың маңызын сөз етті.

(Соңы 2-бетте)

МӘСЕЛЕ

4-5 Біз өзі қандай қоғамбыз?!



ҒИБРАТ

12 Өнегелі өмір – өрімді шежіре



ҚОҒАМ

18 Қыз жасауы: ДӘСТҮР МЕ, ДАҢҒАЗА МА?



*Бірыңғай QR

Жаңа төлем дәуірі



БІР АЙДАН KEЙІН ҚАЗАҚСТАНДА БІРЫҢҒАЙ QR-КОД ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛЕДІ. ЖАҢА ТӘРТІПКЕ СӘЙКЕС, ЕНДІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚАЙ БАНКТІҢ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫН ПАЙДАЛАНСА ДА, БІР ҒАНА БІРЫҢҒАЙ QR-КОД АРҚЫЛЫ ТӨЛЕМ ЖАСАЙ АЛАДЫ. БҰЛ ӨЗГЕРІС САУДА ОРЫНДАРЫ ҮШІН БІРНЕШЕ ТЕРМИНАЛ ҰСТАУ ҚАЖЕТІЛІГІН ЖОЙСА, ТҰТЫНУШЫЛАР ӨЗ БАНКІНЕ СӘЙКЕС КЕЛЕТІН ТЕРМИНАЛДЫ ІЗДЕП ӨҮРЕ БОЛМАЙДЫ.

Қазіргі таңда жүйеге елдегі екінші деңгейлі банктердің басым бөлігі қосылған. Ал нарықтағы ірі «ойыншылардың» бірі – Kaspi Bank белгіленген мерзімге дейін толық интеграциядан өтуі тиіс. Бірыңғай стандарт банктер арасындағы терминалға негізделген бәсекелестікті біртіндеп азайтып, шағын бизнес пен бөлшек сауда өкілдерінің жұмысын жеңілдетуге бағытталған. Осы мәселеге байланысты біз Ұлттық банктің баспасөз қызметіне хабарласқан болатынбыз.

Төлем жүйесіндегі стандарт

Қазірдің өзінде Kaspi банкі белсенді тестілеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Осы интеграция барысында шешілуі тиіс ең күрделі мәселелер қандай? Жалпы бірыңғай жүйеге қосылу кезінде қаржы нарығының ірі ойыншылары үшін қандай қиындықтар туындайды?

Ұлттық банк баспасөз қызметінің мәліметінше, банкаралық мобильді төлемдер жүйесінің функционалы толық әзірленіп, қаржы нарығы қатысушыларының

пайдалануына дайын. Банктерді жүйеге қосу кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.

Қазіргі уақытта «Kaspi Bank» АҚ-мен қатар, халыққа бөлшек қаржылық қызмет көрсететін өзге де банктерді қосу процесі жүріп жатыр. Бұл ретте негізгі міндеттердің бірі – клиенттерге көрсетілетін қызметтің ыңғайлылығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ әр қатысушының технологиялық шешімдері мен бизнес-процестерінің ерекшеліктерін ескере отырып, жүйелердің тұрақты жұмысын сақтау. Осыған байланысты негізгі жұмыс бағыттары ретінде процестерді өзара үйлестіру, кешенді тестілеу жүргізу және жоғары жүктеме жағдайында сервисің сенімділігін қамтамасыз ету мәселелері аталып отыр.

Иә, Kaspi клиенттері бөліп төлеу, кешбэк және тек өз экожүйесі аясында жұмыс істейтін түрлі бонустық бағдарламаларға үйренген. Осыған байланысты көпшілікті «бірыңғай QR арқылы өзге банктің терминалында төлем жасаған кезде бұл артықшылықтар сақтала ма, әлде бірыңғай QR тек қарапайым төлем құралы бола ма?» деген сұрақ қызықтырады.

«Банкаралық мобильді төлемдер жүйесі сатып алушы қай банктің клиенті екеніне және сауда нүктесіне қай банк қызмет көрсететініне қарамастан, QR-код арқылы банкаралық төлем жасауға мүмкіндік береді. Ал кешбэк, бонустар, бөліп төлеу және өзге бағдарламаларға келсек, оларды ұсыну туралы шешімді әр банк өзінің бизнес-моделі, маркетингтік саясаты және қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып дербес қабылдайды. Сондықтан жүйе аясында енгізілуі мүмкін қосымша сервистер мен жеңілдіктердің тізбесі әр банктің ішкі саясатына байланысты қалыптасады» делінген ресми жауапта.

(Соңы 14-бетте)